

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ, БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ,
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО,
СПЕЦИАЛЬНОГО И ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

ГТАХР 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.037>

А.А.Ауезова,^{1*}  Ұ.Қ.Қыяқбаева,²  А.Т.Искакова³ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ДАМУДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ**

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мен дамытуда техникалық және шығармашылық құрастырудың интеграциясының маңыздылығы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – техникалық және шығармашылық құрастыру әрекетті біріктіру арқылы балалардың инженерлік ойлау қабілеттерін белсендірудің педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау. Мақалада танымдық қызығушылық ұғымының психологиялық-педагогикалық аспектілері талданып, мектепке дейінгі жастағы балалардың құрастыру әрекетінің даму ерекшеліктері сипатталады. Сонымен қатар, техникалық және шығармашылық құрастыру түрлерін біріктіру арқылы жүзеге асырылған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері келтіріледі. Нәтижесінде, құрастырудың интеграцияланған түрлері балалардың зейінін, қиялын, логикалық ойлауын және танымдық қызығушылығын дамытуда тиімді құрал екендігі дәлелденді. Интеграцияланған құрастыру түрлері балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың проблеманы шешу және өз идеяларын жүзеге асыру дағдыларын дамытады. Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде құрастыру әрекетіне негізделген дамытушы ортаны ұйымдастырудың тиімділігін көрсетеді. Авторлар мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру процесіне STEM-педагогика, дизайн-технология және жобалық әдістерді енгізу ұсыныстарын береді.

Түйін сөздер: танымдық қызығушылық, техникалық құрастыру, шығармашылық құрастыру, интеграция, STEM-педагогика, инженерлік ойлау.

Ауезова А.А.,^{1*}  Қыяқбаева У.Қ.,¹  Искакова А.Т.¹ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

**ИНТЕГРАЦИЯ ТЕХНИЧЕСКОГО И ТВОРЧЕСКОГО КОНСТРУИРОВАНИЯ В
РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ ДОШКОЛЬНИКОВ**

Аннотация

В данной статье рассматривается важность интеграции технического и творческого конструирования в формирование и развитие познавательных интересов дошкольников. Цель исследования – выявить педагогические возможности активизации инженерного мышления детей путем сочетания технического и творческого конструирования. В статье анализируются психолого-педагогические аспекты понятия познавательного интереса и описываются особенности развития конструктивной деятельности детей дошкольного возраста. Кроме того, приводятся результаты опытно-экспериментальной работы, осуществленной путем объединения видов технического и творческого конструирования. В результате было доказано, что интегрированные формы конструирования являются эффективным средством развития внимания, воображения, логического мышления и познавательного интереса у детей. Интегрированные виды конструирования не только повышают интерес детей, но и развивают у них навыки решения проблем и реализации собственных идей. Результаты исследования свидетельствуют об эффективности организации развивающей среды, основанной на конструктивной деятельности в образовательном процессе. Авторы дают рекомендации по внедрению STEM-педагогики, дизайн-технологии и проектных методов в образовательный процесс в дошкольных организациях.

Ключевые слова: познавательный интерес, техническое конструирование, творческое конструирование, интеграция, STEM-педагогика, инженерное мышление.

Auyezova A.,^{1*}  Kyyakbaeva U.,¹  Iskakova A.¹ 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

INTEGRATION OF TECHNICAL AND CREATIVE DESIGN INTO THE DEVELOPMENT OF COGNITIVE INTERESTS OF PRESCHOOLERS

Abstract

This article examines the importance of integrating technical and creative design into the formation and development of cognitive interests of preschoolers. The purpose of the study is to identify the pedagogical possibilities of activating children's engineering thinking through a combination of technical and creative design. The article analyzes the psychological and pedagogical aspects of the concept of cognitive interest and describes the features of the development of constructive activity in preschool children. In addition, the results of experimental work carried out by combining types of technical and creative design are presented. As a result, it was proved that integrated forms of construction are an effective means of developing attention, imagination, logical thinking and cognitive interest in children. Integrated types of construction not only increase children's interest, but also develop their problem-solving skills and implement their own ideas. The results of the study indicate the effectiveness of the organization of a developing environment based on constructive activity in the educational process. The authors provide recommendations on the implementation of STEM pedagogy, design technology and design methods in the educational process in preschool organizations.

Keywords: cognitive interest, technical design, creative design, integration, STEM pedagogy, engineering thinking.

Кіріспе. Қазіргі заманауи білім беру кеңістігінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту – тұлғаның ерте жастан бастап интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың басты бағыты болып табылады. Баланың дүниетанымы, ойлау қабілеті мен белсенді танымдық әрекеті дәл осы жаста қарқынды дамып, оның болашақтағы оқуға, ізденуге, шығармашылыққа деген ынтасын қалыптастырады. Осы тұрғыда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне жаңаша бағыттағы, баланың қызығушылығын арттыратын және белсенді әрекетке жетелейтін әдіс-тәсілдерді енгізудің өзектілігі артауда.

Мемлекеттік деңгейде бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» құжатында да өз көрінісін тапқан. Онда мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, шығармашылық, техникалық қабілеттерін ерте жастан дамыту міндеті қойылып, зерттеушілік, жобалық және конструктивтік қызмет түрлерін ұйымдастыру ұсынылады [1]. Сонымен қатар, аталған стандартта білім беру процесін ойын, тәжірибе, құрастыру және шығармашылық арқылы ұйымдастырудың маңыздылығы ерекше атап өтілген. Сондай-ақ, *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында* мектепке дейінгі ұйымдарда STEM-элементтері мен жобалық оқыту әдістерін ендіру қажеттілігі атап көрсетілген [2]. Бұл бағдарламада балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық белсенділігін және инженерлік дағдыларын дамыту – болашаққа бағытталған негізгі мақсаттардың бірі ретінде қарастырылып отыр.

Техникалық және шығармашылық құрастыру – баланың қоршаған ортаны зерттеуіне, заттық-практикалық әрекеттер арқылы жаңа өнімдер ойлап табуына мүмкіндік беретін бірегей дамытушы құрал. Бұл әрекеттер тек моторлық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, кеңістікті бағдарлау, шешім қабылдау, шығармашылық ойлау сияқты танымдық процестерді де белсендіреді. Балалардың құрастыру әрекетінде дербестігі мен бастамашылдығы артып, олар өз идеяларын нақты заттық формада жүзеге асыруға ұмтылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту мәселесі көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нысанына айналып отыр. Баланың ерте жастағы танымдық дамуы мен белсенділігін арттыруда құрастыру әрекетінің маңызын түсіндіретін теориялық негіздер бірқатар ірі ғылыми тұжырымдарға сүйенеді. Бұл тұрғыда Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи даму теориясы ерекше мәнге ие [3]. Ол баланың дамуы өздігінен емес, әлеуметтік ортадағы белсенді әрекеттер, үлкендердің және құрдастардың көмегі арқылы іске асатынын алға тартты. Оның «жақын даму аймағы» ұғымы – баланың нақты мүмкіндігі мен әлеуетінің арасындағы кеңістік, ал осы кеңістікті дамыту ересекпен немесе қабілетті құрдасымен бірлескен әрекетте мүмкін болатынын дәлелдеді. Осы теорияға сәйкес,

құрастыру әрекеті – баланың әлеуетін іске асыруға жағдай жасайтын, танымдық қызығушылығын оятатын тиімді құрал болып табылады. Құрастыру барысында бала үлкендердің көмегімен жаңа әрекет үлгілерін меңгереді, шығармашылық пен логикалық ойлауға үйренеді.

Ж.Пиаже өзінің когнитивтік даму теориясында баланың ойлау жүйесі сенсомоторлық кезеңнен нақты операциялар сатысына дейін даму жолынан өтетінін көрсетті [4]. Оның пікірінше, бала қоршаған ортаны тікелей тәжірибе мен әрекет арқылы таниды, заттармен белсенді жұмыс жасау – таным процесінің негізгі тетігі. Осы тұрғыдан алғанда, құрастыру әрекеті – баланың танымдық дамуына әсер ететін практикалық құрал, себебі ол баланы эксперимент жасауға, салыстыруға, жоспарлауға және болжауға жетелейді. А.П. Усова мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытуда көрнекілік пен практикалық әрекеттің маңызын атап көрсетіп, баланың белсенділігін оятатын педагогикалық жағдайлар жасау қажеттігін негіздеген [5]. Ол өз еңбектерінде бақылау, тәжірибе және құрастыру сияқты әрекеттердің балалардың зерттеушілік қызығушылығын арттыратынын дәлелдеді. Баланың қызығушылығы әрекет барысында ғана тұрақты қалыптасатынын көрсетті.

Т.С.Комарова мектепке дейінгі жастағы балаларда шығармашылық және эстетикалық қабылдауды қалыптастыруда көркемдік-құрастыру әрекеттерінің ықпалын зерттеді [6]. Оның пікірінше, көркемдік тапсырмаларды шешу барысында бала шығармашылықпен ойлап, өз ойын көркемдік құралдар арқылы жеткізеді. Бұл әрекет баланың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның эмоционалдық және көркемдік сезімін де дамытады.

Қазақстандық зерттеуші М.С.Сәтімбекова интеграцияланған оқыту технологиялары негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға баса назар аударған [7]. Ол ойын арқылы оқыту, көркемдік және техникалық тапсырмаларды біріктіру арқылы балалардың танымдық әрекетін жандандыруға болатынын ғылыми тұрғыда негіздеді. Оның зерттеулерінде құрастырудың баланың ойлау, елестету, жоспарлау қабілеттеріне әсері нақты дәлелденген.

Шетелдік зерттеушілер де бұл бағытта бірқатар тиімді тәсілдерді ұсынған. Мәселен, G.Clements пен J.Sarama математикалық ойлау мен кеңістіктік қабылдауды дамытуда LEGO конструкторларын пайдалану арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеті мен танымдық белсенділігінің артатынын көрсеткен [8]. Олар STEM-элементтерін мектепке дейінгі білім беру мазмұнына енгізу арқылы балалардың жобалық және инженерлік ойлауын қалыптастыруға болады деп санайды. MIT Media Lab зерттеушісі M.Resnick мектепке дейінгі жастағы балалар үшін техникалық шығармашылықты дамытуға арналған интерактивті құралдарды – LEGO, Scratch секілді ортақ жобалау платформаларын қолдану арқылы «Lifelong Kindergarten» тұжырымдамасын ұсынды [9]. Бұл модельде бала еркін, қызығушылыққа негізделген әрекет барысында ойлап табушы және зерттеуші ретінде қалыптасады.

Осылайша, әлемдік және отандық зерттеушілердің еңбектері құрастыру әрекетінің бала дамуына, әсіресе танымдық қызығушылықтарының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай әсер ететінін дәлелдейді. Техникалық және шығармашылық құрастыруды білім беру процесіне тиімді енгізу – қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі ретінде танылған. Бүгінгі таңда техникалық және шығармашылық құрастыруды біріктіре отырып, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған кешенді әдістемелер жасау қажеттілігі туындап отыр. Бұл интеграция баланың әртүрлі қабілеттерін үйлестіре дамытып, оқу мен тәрбие процесін мазмұнды әрі тиімді етеді. Осы мақалада аталған мәселелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда қарастырылып, техникалық және шығармашылық құрастырудың біріккен мүмкіндіктері мен білім беру жүйесіндегі орны сарапталады.

Негізгі ережелер. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту – олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудың маңызды негізі болып табылады. Бұл кезеңде баланың қоршаған ортаға деген қызығушылығы артып, әртүрлі әрекеттер арқылы тануға деген ынтасы күшейеді. Осындай қызығушылықты қолдау мен жетілдірудің тиімді жолдарының бірі – техникалық және шығармашылық құрастыру әрекеттерін біріктіру болып табылады. Техникалық құрастыру баланың логикалық ойлауын, себеп-

салдарлық байланыстарды түсіну қабілетін, құрылымдық талдау жасау дағдыларын дамытса, шығармашылық құрастыру оның қиялын, эстетикалық сезімін, бейнелі ойлауын дамытады. Екі бағытты бір арнаға тоғыстыру – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын интеграциялық тәсіл ретінде қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың техникалық және шығармашылық құрастыру әрекеттері – олардың танымдық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңызды құралы ретінде педагогика ғылымында кеңінен зерттелген бағыттардың бірі. Бұл салада отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және тәжірибелік еңбектері балалардың құрастыру әрекеті арқылы қалай дамитынын жан-жақты сипаттайды.

Техникалық құрастыру баланың заттармен әрекеттесу арқылы логикалық ойлауын, кеңістікті бағдарлауын және қолдың ұсақ моторикасын дамытуды көздейді. Бұл бағытта көрнекті ғалым Д.Б.Эльконин мектепке дейінгі жастағы балалардың заттық-әрекеттік ойлауын дамытудың негізі ретінде техникалық құрастыруға ерекше назар аударды [10]. Оның пікірінше, құрастыру кезінде бала сызба немесе үлгі бойынша әрекет етуді үйреніп, логикалық пайымдауға, салыстыруға және жоспарлауға машықтанады. В.Г.Селевко болса, техникалық құрастыруды технологиялық сауаттылық пен функционалды ойлауды қалыптастырудың құралы ретінде қарастырып, оны инновациялық білім беру мазмұнына ендіру қажеттігін негіздеді [11]. Шығармашылық құрастыру да мектепке дейінгі баланың тұлғалық дамуына зор әсер етеді. Бұл бағытта Т.С.Комарова көркемдік-құрастыру әрекетін баланың эстетикалық сезімін, шығармашылық елестетуін және бейнелі ойлауын дамытатын ерекше сала ретінде зерттеді [12]. Оның еңбектерінде балаға түрлі материалдармен жұмыс істеу арқылы өзіндік көркемдік шешім табуға мүмкіндік беру қажеттілігі нақты сипатталған. Шығармашылықты баланың жан дүниесін байытатын әрекет ретінде қарастырған В.А.Сухомлинский де баланы тек біліммен қаруландырып қана қоймай, оны әсемдік пен ізгілікке баулитын көркемдік әрекеттерге тартудың маңызын атап көрсеткен [13]. Сонымен қатар Ю.А.Кулюткин мен Г.С.Ковалев шығармашылық әрекеттің еркіндік, дербестік және ынталандыру сияқты шарттарда ғана тиімді қалыптасатынын дәлелдеді [14].

Зерттеу барысында мектепке дейінгі ұйым жағдайында құрастыру әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылды. Эксперименттік топта балалар техникалық және көркемдік құрастыруға арналған тапсырмаларды орындау арқылы логикалық ойлау, зейін, елестету, жоспарлау, шығармашылық идеяларды жүзеге асыру сияқты маңызды қабілеттерін көрсете алды. Тапсырмалар STEM-педагогика элементтеріне негізделіп құрастырылды, бұл балалардың зерттеушілік әрекетке қызығушылығын арттырып, практикалық шеберліктерін дамытты. Зерттеу нәтижелері техникалық және шығармашылық құрастыруды біріктіру балалардың танымдық қызығушылығын арттыруда тиімді құрал екендігін дәлелдеді. Балалар берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, өз ойларын еркін білдіріп, шығармашылықпен әрекет етті. Сонымен қатар, олар өз идеяларын нақты заттық формада жүзеге асыруға үйреніп, ұжыммен бірлесе жұмыс істеу дағдыларын да меңгерді. Осылайша, құрастыру әрекеттерінің интеграциясы балалардың ойлау және әрекет ету икемділігін, зерттеушілік белсенділігін, дербестігі мен бастамашылдығын дамытуда маңызы зор педагогикалық әдіс ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы мектепке дейінгі ұйым жағдайында жүргізілді және 4-5 жастағы балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытуда техникалық және шығармашылық құрастыру әрекеттерін интеграциялаудың педагогикалық тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында сапалық және сандық әдістер кешені қолданылды. Зерттеу жұмысында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында кешенді зерттеу әдістері қолданылды. Әдістерді таңдауда зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі, нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығын қамтамасыз ету басты назарда болды.

Қолданылған әдістер:

- *Бақылау әдісі* – балалардың құрастыру әрекеті кезіндегі белсенділігі, қызығушылығы, шығармашылық тәсілдері мен бірлескен жұмыс дағдылары бақыланды;

- *Сауалнама* – балалардың қызығушылықтарын, ұнататын әрекеттерін анықтау үшін тәрбиешілер мен ата-аналардан сауалнама алынды;

- *Құрастыру тапсырмаларын орындау* – балаларға техникалық сипаттағы (мысалы, көпір, үй макеті, қарапайым механизмдер) және шығармашылық сипаттағы (ертегі кейіпкерлері, сәндік бұйымдар) тапсырмалар берілді;

- *Диагностикалық әдістемелер* – танымдық процестердің даму деңгейін анықтауға арналған әдістемелер (мысалы, зейін, есте сақтау, ойлау тапсырмалары) қолданылды;

- *Салыстырмалы талдау* – тәжірибе соңында екі топтың нәтижелері салыстырылып, құрастыру әрекетінің балалардың танымдық қызығушылығына әсері анықталды.

Бірінші кезекте *бақылау әдісі* қолданылды. Бұл әдіс арқылы балалардың құрастыру әрекеті барысындағы белсенділігі, қызығушылық таныту деңгейі, шығармашылық тәсілдерді қолдануы, өз бетінше шешім қабылдауы және бірлескен әрекетке қатысу дағдылары бақыланды. Бақылау құрылымдық сипатта жүргізілді: тәрбиеші тарапынан араласусыз, балалардың табиғи әрекеті негізінде ақпарат жинақталды. *Сауалнама әдісі* зерттеу қатысушылары – тәрбиешілер мен ата-аналармен жұмыс жүргізуде қолданылды. Бұл сауалнама балалардың үй жағдайындағы және балабақшадағы қызығушылықтары, еркін таңдаған ойын түрлері, техникалық және шығармашылық әрекеттерге бейімділігі туралы мәліметтерді жинауға мүмкіндік берді. Ата-аналар мен тәрбиешілерден алынған деректер құрастыру әрекеттерін ұйымдастыруда жеке ерекшеліктерді ескеруге көмектесті.

Балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық ойлауын практикалық тұрғыда анықтау үшін *құрастыру тапсырмаларын орындау әдісі* қолданылды. Балаларға техникалық сипаттағы (мысалы, көпір, үй макеті, қозғалтқышсыз қарапайым механизмдер) және шығармашылық сипаттағы (ертегі кейіпкерлерінің макеті, сәндік-қолданбалы бұйымдар, композициялар) тапсырмалар ұсынылды. Бұл тапсырмалар балалардың логикалық ойлау, қиялдау, жоспарлау және шығармашылық қабілеттерін анықтауға бағытталды. Сонымен қатар, балалардың танымдық процестерінің деңгейін кешенді бағалау үшін *диагностикалық әдістемелер* қолданылды. Атап айтқанда, зейіннің тұрақтылығы мен бөлінуін, есте сақтау қабілетін, бейнелі және логикалық ойлауын анықтауға арналған арнайы әдістемелер пайдаланылды. Бұл диагностикалық жұмыс эксперименттің басында және соңында жүргізіліп, балалардың даму динамикасын бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің соңында алынған мәліметтерді *салыстырмалы талдау әдісі* арқылы өңдеу жүргізілді. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, құрастыру әрекетінің танымдық қызығушылыққа әсері сандық және сапалық тұрғыда сарапталды. Бұл әдіс арқылы интеграцияланған құрастыру әрекеттерінің тиімділігі нақты дәлелдермен көрсетілді. Осы қолданылған әдістердің үйлесімділігі зерттеу мақсатына қол жеткізуге, нақты және сенімді қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Зерттеуге жалпы саны 45 бала қатысты, олар екі топқа бөлінді: *эксперименттік топ* (23 бала) және *бақылау тобы* (22 бала). Эксперименттік топтағы балалармен техникалық және шығармашылық құрастыруды біріктіретін арнайы тапсырмалар мен сабақтар өткізілді, ал бақылау тобында дәстүрлі құрастыру және көркемдік әрекет түрлері қолданылды. *Зерттеудің әдіснамалық негізі* ретінде Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи даму теориясы, Ж.Пиаже мен Д.Б.Элькониннің танымдық даму туралы тұжырымдары, сондай-ақ М.С.Сәтімбекова мен Т.С.Комарованың мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық және техникалық әрекеттерін дамытуға қатысты зерттеулері алынды.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында техникалық және шығармашылық құрастыру әрекеттерін интеграциялау мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарына оң әсер ететіні дәлелденді. Қалыптастыру кезеңінің соңында алынған мәліметтерді бастапқы диагностикамен салыстыра отырып, екі топтағы балалардың танымдық даму көрсеткіштері салыстырылды.

Эксперименттік топ балалары құрастыру әрекеттеріне жоғары қызығушылық танытып, берілген тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға ұмтылды. Олар өз бетінше шешім

қабылдап, жобалау элементтерін қолдану арқылы күрделірек құрылымдар мен бейнелер жасауға тырысты. Балалар өз идеяларын нақты заттық формада жүзеге асырып, бірлескен жұмыс барысында пікір алмасу, жоспарлау, логикалық талдау сияқты дағдыларды көрсетті.

Зерттеу нәтижелері келесі негізгі өзгерістерді көрсетті:

-Балалардың зейінін шоғырландыру қабілеті артты: құрастыру процесінде ұзақ уақыт бойы зейінді ұстап тұру дағдылары нығайды.

-Елестету мен қиял деңгейі жақсарды: шығармашылық тапсырмалар барысында бала ойында бар образды материалмен шынайы түрде бейнелеуге тырысты.


-Логикалық және кеңістіктік ойлау дағдылары күшейді: техникалық құрастыру кезінде бала бөліктердің орналасуы мен байланысын ескеріп, жоспар бойынша әрекет етті.

-Танымдық белсенділік өсті: балалар сұрақ қойып, жаңа нұсқаларды ұсынуға талпынды, өз идеяларын іске асыруға тырысты.


Бақылау тобы балалары да жалпы дамуға ие болғанымен, олардың жетістіктері баяу және бірқалыпты сипатта болды. Олар көбіне нұсқау бойынша әрекет етіп, дербес шығармашылық белсенділік аз байқалды. Бұл бақылау тобының әрекеті көбіне дайын үлгілерді көшірумен шектелгенін көрсетті. Нәтижелер салыстырмалы түрде талданып, төмендегі кестеде ұсынылды:

1-кесте. Диагностикалық әдістемелер бойынша алынған нәтижелер


Көрсеткіштер	Эксперименттік топ (балалар саны, %)	Бақылау тобы (балалар саны, %)
Жоғары деңгейдегі қызығушылық	16 бала (70%)	8 бала (36%)
Шығармашылықпен шешім қабылдау	15 бала (65%)	6 бала (27%)
Логикалық ойлау мен жоспарлау	18 бала (78%)	10 бала (45%)
Қиял мен бейнелі ойлаудың дамуы	17 бала (74%)	9 бала (41%)




1-сурет. Жоғары деңгейдегі қызығушылық көрсеткіш диаграммасы




2-сурет. Шығармашылықпен шешім қабылдау көрсеткіш диаграммасы



3-сурет. Логикалық ойлау мен жоспарлау дамуының көрсеткіш диаграммасы



4-сурет. Қиял мен бейнелі ойлаудың дамуының көрсеткіш диаграммасы



5-сурет. Диагностикалық әдістемелер бойынша нәтиже көрсеткіштері

Бұл мәліметтер техникалық және шығармашылық құрастыруды біріктіру баланың танымдық қызығушылықтарын дамытудың тиімді әдісі екенін нақты көрсетіп отыр. Құрастыру әрекеті баланың тек шығармашылық қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, кеңістіктік елестету, талдау және салыстыру секілді маңызды танымдық процестерін белсендіреді. Мұндай тапсырмалар баланы ойлауға, салыстыруға, болжам жасауға, шешім қабылдауға және өз идеясын нақты формада жүзеге асыруға итермелейді. Құрастыру барысында бала заттарды өзара байланыстырудың, бөліктерден тұтас бейне құраудың, кеңістікте бағдарлаудың әдістерін меңгереді. Бұл логикалық және кеңістіктік ойлау қабілеттерінің қатар дамуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, балалар топпен немесе жұппен жұмыс істей отырып, бір-бірімен пікір алмасуға, идеяларын қорғауға, келісімге келуге үйренеді. Яғни, құрастыру әрекеті арқылы баланың коммуникативтік қабілеттері де жетіледі.

Баланың танымдық қызығушылығы тек дайын білімді қабылдауға емес, оны белсенді түрде зерттеуге, қолдануға және түрлендіруге негізделеді. Құрастыру тапсырмалары – дәл осындай белсенді таным әрекетінің үлгісі. Олар баланы сырттай бақылаушыдан ішкі ізденушіге, ойлаушыға және жасаушыға айналдырады. Бұл өз кезегінде баланың оқу мотивациясын күшейтіп, шығармашылық-танымдық әлеуетін дамытады. Сондықтан да техникалық және шығармашылық құрастыруды білім беру процесіне мақсатты түрде енгізу – баланың тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды әдістемелік шешім болып табылады.

Талқылау. Зерттеу нәтижелерін талдау мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытуда техникалық және шығармашылық құрастыру әрекеттерін интеграциялау тиімді әдіс екенін көрсетті. Эксперименттік топтағы балалардың зейін, логикалық ойлау, қиял және дербестік сияқты көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда анағұрлым жоғары болды. Бұл – құрастыру әрекетінің тек практикалық дағдыны ғана емес, сонымен қатар танымдық үдерістерді дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді. Техникалық және шығармашылық құрастыруды ұштастыру баланың ойлау және бейнелі елестету жүйесін белсендіреді, сондай-ақ шығармашылық тұрғыдан еркін шешім қабылдауға ынталандырады. Бұл жағдайлар балалардың таным процесіне деген қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясының негізін қалайды. Құрастыру барысында баланың өзі ойлап тапқан затын жасап шығуы – жетістікке жету, қанағаттану сезімдерін туғызып, оның ішкі уәжін нығайтады.

Аталған нәтижелер ғалымдардың теориялық тұжырымдарына сәйкес келеді. Мәселен, Л.С.Выготскийдің «жақын даму аймағы» туралы идеясы балалардың құрастыру әрекетінде ересектердің немесе құрдастардың көмегі арқылы күрделірек тапсырмаларды орындай алатынын растайды. Ал Ж.Пиаже баланың дүниені белсенді әрекет арқылы танитынын айтқан, бұл зерттеуде құрастыру әрекетінің балаға тәжірибе арқылы таным беретінін дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, Т.С.Комарова мен М.С.Сәтімбекова еңбектерінде көрсетілгендей, шығармашылық элементтермен байытылған тапсырмалар баланың елестету қабілетін дамытып, эстетикалық қабылдауын күшейтеді.

Зерттеу барысында техникалық сипаттағы тапсырмалар балалардың кеңістікті бағдарлау, бөлшектерді салыстыру, логикалық тізбектер құру қабілеттерін дамытқаны байқалды. Ал шығармашылық құрастыру кезінде балалар түстерді, формаларды, композициялық құрылымды еркін таңдап, өзіндік көркем бейне қалыптастыруға тырысты. Бұл екі бағытты біріктіре қолдану – балалардың ойлау, қиял және белсенді әрекет ету қабілеттерінің үйлесімді дамуына ықпал етті. Сондай-ақ, құрастыру әрекетін ұйымдастыруда балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеру маңызды екені айқындалды. Кейбір балалар техникалық тапсырмаларға бейім болса, басқалары шығармашылық жұмыстарға белсендірек қатысты. Сондықтан да дифференциалды тәсіл мен еркін таңдау мүмкіндігін ұсыну – құрастыру әрекеттерін табысты ұйымдастырудың маңызды шарты болып табылады. Сондықтан да дифференциалды тәсіл мен еркін таңдау мүмкіндігін ұсыну – құрастыру әрекеттерін табысты ұйымдастырудың маңызды шарты болып табылады. Себебі әрбір баланың қызығушылығы, қабілет деңгейі мен даму қарқыны жеке дара сипатта болады. Балалардың бір бөлігі техникалық тапсырмаларға, яғни сызба, құрылым, үлгімен жұмыс істеуге көбірек бейім болса, енді біреулері шығармашылық бейнелеу мен еркін құрастыру арқылы өз ойын жеткізуге ынталы болады. Мұндай айырмашылықтарды ескермей, бірізді тапсырмалар беру балалардың танымдық белсенділігін төмендетіп, олардың ішкі мотивациясын әлсіретуі мүмкін.

Дифференциалды тәсіл балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып тапсырма ұсынуға, ал еркін таңдау мүмкіндігі өзіне ыңғайлы және ұнайтын әрекет түрін таңдауға жол ашады. Бұл балалардың өзіндік бастамасын қолдайды, жауапкершілігін арттырады және дербес шешім қабылдауға үйретеді. Мысалы, кейбір балалар LEGO бөлшектерінен нақты механизмді құрастырса, басқа біреулері сол материалмен көркем композиция құрастыруды таңдауы мүмкін. Бұл олардың шығармашылық еркіндігін шектемей, керісінше, жеке әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, құрастыру әрекетін ұйымдастыру барысында педагог баланың мүддесіне сай келетін мазмұн мен күрделілік деңгейін ұсынуы, сондай-ақ таңдау құқығын қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай тәсіл – баланың өз бетінше әрекет етуіне, танымдық және шығармашылық белсенділігінің артуына ықпал ететін маңызды педагогикалық шарттардың бірі.

Жалпы, зерттеу нәтижелері техникалық және шығармашылық құрастыруды интеграциялау мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын тиімді дамытуға мүмкіндік беретінін, әрі бұл тәсіл баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететінін көрсетті. Бұл әдісті мектепке дейінгі білім беру процесінде жүйелі қолдану білім мазмұнын байытып, баланың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын біртұтас дамытуға жол ашады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жұмысы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытуда техникалық және шығармашылық құрастыру әрекеттерін интеграциялаудың педагогикалық тұрғыдан тиімді әдіс екенін көрсетті. Құрастыру әрекеті – бала үшін қоршаған ортаны танып-білу, өз идеясын нақты формада жүзеге асыру және шығармашылық тұрғыдан көріну құралы болып табылады. Бұл әрекеттерді бір-бірімен ұштастыру арқылы баланың логикалық ойлауы, қиялы, зейіні мен зерттеушілік қабілеттері кешенді түрде дамитыны дәлелденді. Эксперименттік топтағы балалардың көрсеткіштері олардың шығармашылықпен әрекет етуге деген бейімділігі мен қызығушылығының жоғарылағанын айғақтады. Олар техникалық тапсырмаларды орындау барысында құрылымдауды, талдауды және жоспарлауды меңгерсе, шығармашылық тапсырмалар кезінде өз бейнесін, эмоциясы мен ой-елестерін көркем түрде жеткізуге тырысты. Мұндай әрекеттерді біртұтас педагогикалық үрдіс ретінде ұйымдастыру танымдық процестердің дамуын жеделдетіп, оқу мотивациясын арттырды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер Л.С.Выготский, Ж.Пиаже, Т.С.Комарова, М.С.Сәтімбекова және басқа да ғалымдардың теориялық тұжырымдарына сәйкестігін көрсетті. Баланың дамуында әрекет, әсіресе заттық-практикалық әрекет, басты рөл атқаратыны тәжірибе жүзінде дәлелденді. Құрастыру – осы әрекеттің мазмұнды әрі танымдық сипаттағы тиімді түрі ретінде танылды. Сонымен қатар зерттеу барысында балалардың жас ерекшеліктерін, жеке қабілеттерін және қызығушылықтарын ескеру, еркін таңдау мен шығармашылық бастамаларға

мүмкіндік беру – құрастыру әрекетінің тиімділігін арттыратын маңызды педагогикалық шарттар екені анықталды. Бұл интеграцияланған тәсіл тек танымдық дамуға ғана емес, баланың әлеуметтік, коммуникативтік және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына да оң әсер етеді. Осылайша, техникалық және шығармашылық құрастырудың интеграциясы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытуда өзекті әрі ғылыми негізделген бағыт ретінде қолданысқа енгуге лайық. Бұл бағытты мектепке дейінгі білім беру процесіне жүйелі енгізу баланың жан-жақты дамуына негіз болады және заманауи білім беру мазмұнына сай келетін жаңа педагогикалық мүмкіндіктер ашады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытуда техникалық және шығармашылық құрастыруды интеграциялау бағытында бірнеше педагогикалық ұсыныстар жасалды. Ең алдымен, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне құрастыру әрекетінің екі түрін – техникалық және шығармашылық бағыттарды – өзара байланыстыра отырып жүйелі түрде енгізу қажет. Мұндай интеграция балалардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, олардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін үйлесімді дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогтер үшін арнайы әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар әзірлеу ұсынылады. Онда құрастыру әрекеттерін ұйымдастырудың мазмұны, тәсілдері мен бағалау критерийлері нақты көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда STEM-элементтерін енгізу – заман талабына сай бастама. Инженерлік ойлауға, техникалық модельдеуге, логикалық пайымдауға негізделген тапсырмалар арқылы балалардың ғылым мен техникаға қызығушылығын ерте жастан қалыптастыруға болады.

Балалар әрекетін барынша қолдау үшін дамытушы ортаны жетілдіру қажет. Бұл мақсатта сапалы құрылымдық конструкторлар, көркемдік материалдар, интерактивті құралдар және қауіпсіз жұмыс істеуге арналған шығармашылық орталықтармен қамтамасыз ету ұсынылады. Құрастыру әрекетін тиімді ұйымдастыру үшін балалардың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, дифференциалды және даралап оқыту тәсілдерін қолдану да маңызды. Сонымен қатар, болашақ тәрбиешілерді даярлау барысында құрастыру әрекеттерін біріктірудің теориясы мен әдістемесіне арнайы көңіл бөлінуі тиіс. Жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына осы бағыттағы курстар мен практикалық семинарларды енгізу – кәсіби даярлықтың сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс барысында техникалық және шығармашылық құрастыру әрекеттерінің бала дамуына оң әсері туралы ақпараттандыру жұмыстары ұйымдастырылуы қажет. Бұл ата-аналардың үй жағдайында да бала әрекетін қолдап, танымдық қызығушылықтарын дамытуына ықпал етеді.

Осы ұсыныстарды білім беру процесіне енгізу мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дамуына жағдай жасап, олардың тұлғалық әлеуетін ерте жастан қалыптастыруға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты. 2022ж.3 тамыз. № 348. Астана*
2. *Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. 2023ж.28 наурыз. № 249. Астана*
3. *Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.:Педагогика, 1991. – 96 с.*
4. *Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – М.: Эксмо, 2003. – 384 с.*
5. *Усова А.П. Формирование познавательных интересов у детей дошкольного возраста. М.:Просвещение, 1986. – 128 с.*
6. *Комарова Т.С. Изобразительная деятельность в детском саду. – М.:Мозаика-Синтез,2001. – 144 с.*
7. *Сәтімбекова М.С. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. // Қазақстан мектепке дейінгі білім беру жүйесі. – 2020. – №3. – Б. 45–49.*
8. *Clements D.H., Sarama J. Learning and Teaching Early Math: The Learning Trajectories Approach. – New York: Routledge, 2009. – 304 p.*
9. *Resnick M. Lifelong Kindergarten: Cultivating Creativity through Projects, Passion, Peers and Play. – Cambridge, MA: MIT Press, 2017. – 210 p.*

10. Эльконин Д.Б. Психология игры. – М.: Институт практической психологии, 1999. – 348 с.
11. Селевко В.Г. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 2005. – 256 с.
12. Крылова Н.М., Бабаева Т.А. Познавательное развитие дошкольников: современные подходы и технологии. – М.: Просвещение, 2021. – 224 с.
13. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – М.: Политиздат, 1976. – 383 с.
14. Кулюткин Ю.Н., Ковалев Г.С. Психология творческой деятельности. – Л.: ЛГУ, 1981. 192 с.

References:

1. Mektepke deingi tärбие men oqytudyñ memlekettik jalpyğa mindetti Standarty. 2022j.3 тамыз. № 348. Astana
2. Qazaqstan Respublikasynda mektepke deingi, orta, tehnikalyq және käsiptik bilim berudi damytudyñ 2023–2029 жылдарға арналған тўжырымдамасы. 2023j.28 наурыз. № 249. Astana
3. Vygotski L.S. Voobrajenie i tvorcestvo v detskom vozraste. – М.: Pedagogika, 1991. – 96 с.
4. Piaje J. Rech i myšlenie rebenka. – М.: Eksmo, 2003. – 384 с.
5. Usova A.P. Formirovanie poznatelnyh interesov u detei doškólnogo vozrasta. – М.: Prosvešenie, 1986. – 128 с.
6. Komarova T.S. İzobrazitelnaia deiatelnöst v detskom sadu. – М.: Mozaika-Sintez, 2001. – 144 с.
7. Sätimbekova M.S. Mektep jasynda deingi balalardyñ syğarmasylyq qabileterin damytu. // Qazaqstan mektepke deingi bilim beru jüiesi. – 2020. – №3. – B. 45–49.
8. Clements D.H., Sarama J. Learning and Teaching Early Math: The Learning Trajectories Approach. – New York: Routledge, 2009. – 304 p.
9. Resnick M. Lifelong Kindergarten: Cultivating Creativity through Projects, Passion, Peers, and Play. – Cambridge, MA: MIT Press, 2017. – 210 p.
10. Elkonin D.B. Psihologia igrы. – М.: Institut prakticheskoi psihologii, 1999. – 348 с.
11. Selevko V.G. Sovremennye obrazovatelnye tehnologii: Uchebnoe posobie. – М.: Narodnoe obrazovanie, 2005. – 256 с.
12. Krylova N.M., Babaeva T.A. Poznavatelnoe razvitie doškólnikov: sovremennye podhody i tehnologii. – М.: Prosvešenie, 2021. – 224 с.
13. Suhomlinski V.A. Serdse ot daju detäm. – М.: Politizdat, 1976. – 383 с.
14. Kulütkin Ju.N., Kovalev G.S. Psihologia tvorcheskoi deiatelnosti. – L.: LGU, 1981. – 192 с.

МРНТИ 14.23.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.038>

Керимбаева Р.К.,¹  Сыздықбаева А.Д.,^{2*}  Иминова Ю.Б.³ 

¹Таразский университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТРУДНОСТЕЙ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ К ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические трудности адаптации детей с особыми образовательными потребностями к дошкольной организации. Актуальность исследования определяется возрастающей численностью детей данной категории в детских садах и существующими противоречиями между потребностями инклюзивной практики и готовностью дошкольных организаций к их удовлетворению. Целью исследования является выявление и анализ педагогических трудностей адаптации детей с особыми образовательными потребностями к условиям дошкольных организаций для последующей разработки научно обоснованных рекомендаций по оптимизации данного процесса. Эмпирическое исследование проведено с использованием качественной методологии на базе трех дошкольных организаций города Тараз Жамбылской области с привлечением 6 воспитателей и 15 родителей детей целевой группы. Сбор данных осуществлялся методом полуструктурированного интервьюирования с последующим анализом полученного материала. Результаты исследования демонстрируют многоаспектный характер адаптационных трудностей, проявляющихся на эмоциональном, поведенческом, социальном и режимном уровнях функционирования детей. Выявлены недостаточность специальных компетенций у педагогов, неблагоприятные организационные условия и дефицит методического сопровождения. Установлено наличие коммуникативных барьеров между участниками воспитательно-образовательного процесса, обусловленных различиями в восприятии и интерпретации адаптационных явлений. Научная значимость работы заключается в расширении теоретических представлений о специфике адаптационного процесса детей с особыми образовательными потребностями в дошкольной организации.